

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық кеңесінің үкімет басшылары деңгейіндегі он сегізінші мәжілісін дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 16 сәуірдегі N 93-ө Өкімі 2007 жылғы 17-19 сәуірде Астана қаласында Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық кеңесінің үкімет басшылары деңгейіндегі он сегізінші мәжілісін (бұдан әрі - мәжіліс) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мәжілісті дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы: қосымшаға сәйкес Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы ресми делегацияларының (бұдан әрі - делегациялар) мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

мәжілісті өткізуге арналған шығыстарды 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 001»"Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003»" Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті делегациялар мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақтарды кү з е т у д і қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, делегациялардың арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мәжілісті бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовтің атынан ресми қабылдау кезінде

8. Делегацияларды Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

9. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ.Мәсімовтің атынан ресми қабылдау ұйымдастыру.

10. Делегациялар мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.